

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай бақшасы.

Біртұтас тәрбие. Адал азамат.

# **«Абай әндері» .**

## **Музыкалық кеш.**

Музыка жетекшісі: Мирзалиева .Ж.К.

**Абайдың әндері.**

**Мақсаты:** Ақынның әндерін болашақ жас ұрпақтың бойына сіңіру , адамгершілікке , білімді етіп тәрбиелеу.

**Жүргізуші:**

**Абай Құнанбайұлы** – ақын ағартушы , жазба әдебиетінің , қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ , композитор, аудармашы, саяси қайраткер , либералды білімді исламға таяна отырып , орыс және еуропа мәдениетімен жақындасуарқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік қоғамдық, моралдық мәселелерін арқау еткен.

Өлең- сөздің патшасы , сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол ақынның білімсіз бейшарасы.

Абай – тек ақын емес, сонымен қатар философ, ағартушы , сазгер , аудармашы , ойшыл, тұлға. Оның мұрасы – әдебиетпен ғана шектелмейді .

Қазіргі таңда Абай идеялары ғылым, философия, тәрбие, музыка салаларында кеңінен зерттелуде . Абай – сазгер. Оның «Көзімнің қарасы» , «Айттым сәлем , Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай» сынды әндері – жүректен шыққан шынайы туындылар . Аудармашы ретінде Абайдың еңбегі жоғары бағаланады.

Абай өткір тілді , сыншы, турашыл адам. Ол заманның әділетсіздігін батыл айтып , надандық пен алауыздықты сынады.

Абайдың алғашқы өлеңі – «Қансонарда бүркітші шығады аңға», . Бұл шығарма - ақынның іздену , білім алу ағартушы ақын болып қалыптасу жолындағы елеулі белесі.

Қазақ халқының мәңгілік пір тұтатын ұлы ақын- Абай. Ол 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысы, қазіргі Абай ауданында дүниеге келді. Абай қазақ халқының өшпес мұрасына өмірінің соңына дейін із қалдырды.

Ол тек өлең жазбай, сол заманның шындығын, адам бойындағы рухани әлсіз қасиеттерді бүкпесіз айтып отырған.

Абайдың алғашқы өлеңі- «Қансонарда бүркітші шығады аңға». Бұл шығарма-ақынның іздену, білім алу, ағартушы ақын болып қалыптасу жолындағы елеулі белесі. Сонымен қатар Пушкин, Лермонтов сияқты орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аудару. Қағаз бен қаламды өзіне серік етіп қазақты білімге, еңбекке, әділдікке шақырған дәу тұлға. Абай Құнанбайұлы - қазақ халқының ұлт ұстазы. Оның шығармалары - ұлт мәдениетін мен әдебиетінің алтын қазынасы.

Абайдың «Көзімнің қарасы» 1891 жылы жазған өлеңі. Ақын шығармаларының өзекті тақырыбы - махаббат мәселесі бұл өлеңінде ерекше ыстық сезіммен, Абайға тән шеберлікпен сипатталады, өзінің сүйіктісіне арналған ән.

Көзімнің қарасы,

Көңілімнің санасы.

Бітпейді ішімде,

Ғашықтың жарасы.

2025 жылы Абайдың 180 жылдығы аталып өтпек. Бұл мерей той-ақын мұрасын жаңаша зерделеп, жас ұрпаққа насихаттауға тамаша мүмкіндік. Айтулы мереке - Абайды еске түсіріп қана қоймай, оның әділ тынысына жаңа дем береді. Алайда бұл мерей тойды атап өтудің қоғамға қандай пайдасы бар? Абайды ақын ретінде ғана қабылдау жеткілікті ме, әлде ол бұдан да тереңірек тұлға ма?

Ұлы ақынның әндерін сөзбен жеткізіп айту мүмкін емес.

Келесі әні «Желсіз түнде жарық ай».

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,

Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы,

Сыбырласып өзді-өзі,

Көрінбей жердің топырағы.

Құлпырған жасыл жер жүзі.

Оның рухани мұрасы - бүгінгі ұрпаққа таусылмас қазына .

Бұл мереке –Абайды насихаттап қана қоймай , жаңа буынның көкірегіне данышпанның даналығын сіңіруге мүмкіндік беретін маңызды оқиға .

Абай - тек қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани ұстазы.

